

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

6 желтоқсан 2018 жыл

Астана қ

«Проблемалық кредиттер қоры» АҚ оған «Оңалту және активтерді басқару компаниясы» АҚ-ны қосу жолымен қайта ұйымдастыру туралы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы қаулысымен «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ (бұдан әрі - Қор) оған «Оңалту және активтерді басқару компаниясы» АҚ-ны (бұдан әрі - ОАБК) қосу жолымен қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданды.

ОАБК 1998 жылы Қазақстанның банк жүйесін нығайту үшін Дүниежүзілік Банктің қаржы секторының бағдарламасы шеңберінде ҚР Мемлекеттік Оңалту банкінің базасында құрылған және республикалық бюджет есебінен бөлінген кредиттерді қайтаруды қамтамасыз ету саласындағы функцияларды жүзеге асырады.

Шешім біртекті активтерді біріктіру, қайталанатын функцияларды болдырмау, шығындарды азайту және ресурстарды шоғырландыру есебінен қызметтердің сапасын арттыру мақсатында қабылданды.

Жалпы, қайта ұйымдастыру шаралары 2020 жылға дейін ұлттық экономикадағы мемлекеттің қатысу үлесін ЭЫДҰ елдерінің деңгейіне ЖІӨ – нің 15% - ына дейін төмендету жөніндегі Мемлекет Басшысы қойған міндеттерді іске асыру үшін ҚР Қаржы министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдарын оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте, ірілендірілген Қор өзінің негізгі миссиясын - банктердің проблемалық активтерін сатып алу арқылы ұлттық экономиканы сауықтыруға жәрдемдесу, кредиттер бойынша берешекті өндіріп алу және активтерді басқаруға кешенді көзқарасын сақтап қалады. Қазіргі уақытта Қор: банк секторын сауықтыру және сатып алынған жұмыс істемейтін қарыздарды экономикалық айналымға тарту сияқты екі стратегиялық бағытта жұмыс істейді.

Бірінші бағыт шеңберінде Қор банк жүйесінде несие қоржынының сапасын жақсарту мақсатында бірқатар ірі мәмілелерді жүзеге асырды.

Атап айтқанда, елдің қаржы жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Қор 2017 жылғы шілдеде сатып алу бағасы 2,6 трлн теңгеге БТА активтерін сатып алуды жүзеге асырды. Бұл мәміле жұмыс орындарын, халықтың, заңды тұлғалардың және мемлекеттік компаниялардың депозиттерін сақтауға, кредит берудің төмендеуінің алдын алуға, еурооблигациялар бойынша төлемдер бойынша міндеттемелерді қолдауға мүмкіндік берді.

2018 жылғы тамызда Қор «Астана қаласының жаңа көлік жүйесі. LRT» жобасын одан әрі іске асыру үшін «Астана LRT» ЖШС алдындағы банктің қарызын өтеу мақсатында Астана Банкінің қарыз алушыларына талап ету құқығын Қорға беру бойынша мәмілені жүзеге асырды».



Сондай-ақ, еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін сауықтыру үшін ҚР Үкіметі, ҚР Ұлттық Банкі, ҚазАгро, Қор, Цеснабанк және өзге де тұлғалар арасында негіздемелік келісімге қол қойылды. Негіздемелік келісімді іске асыру Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін сауықтыру мақсатында жүзеге асырылуда. 2018 жылғы 25 қыркүйекте Қор мен «Цеснабанк» АҚ арасында 450 млрд.теңге сомаға Активтерді сатып алу-сату шартына қол қойылды. Осы келісімнің нәтижесінде ауыл шаруашылығы саласының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және жұмыс орындарын сақтауға қол жеткізілді.

Екінші бағыт шеңберінде Қор активтерді экономикалық айналымға тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Сатып алынған активтердің сапасын жақсарту мақсатында қарыз алушыларды сауықтыру және олардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жүргізілетін болады, ал сатып алынған активтер мен жер учаскелерінің нарықтық құнын ұлғайту үшін инвесторлармен және жергілікті атқарушы органдармен бірлескен жобалар жоспарланып отыр.

Бүгінгі күні Қор активтерін басқару және сату процестерін реттейтін Қор активтерін басқару жөніндегі қағидалар пысықталды, олардың шеңберінде Қор мүлкін сатудың ашықтығы көзделген.

Объектілердің негізгі бөлігі Ақпараттық-есеп орталығының электрондық сауда алаңында, сондай-ақ Қордың www.fpl.kz сайтында сату үшін дайындалды.





О реорганизации АО «Фонд проблемных кредитов» путем присоединения к нему АО «Компания по реабилитации и управлению активами»

Постановлением Правительства Республики Казахстан от 16 ноября 2018 года принято решение о реорганизации АО «Фонд проблемных кредитов» (далее - Фонд) путем присоединения к нему АО «Компания по реабилитации и управлению активами» (далее - КРУА).

КРУА создана в 1998 году на базе Государственного Реабилитационного банка РК в рамках Программы финансового сектора Всемирного Банка для укрепления банковской системы Казахстана и осуществляет функции в сфере обеспечения возврата кредитов, выделенных за счет республиканского бюджета.

Решение было принято в целях объединения однородных активов, исключение дублирующих функций, снижение затрат и повышение качества услуг за счет консолидации ресурсов.

В целом, реорганизационные меры позволят оптимизировать подведомственные организации Министерства финансов РК для реализации поставленной Главой государства задачи по снижению до 2020 года доли государственного участия в национальной экономике до уровня стран ОЭСР – 15% от ВВП.

При этом, укрупненный Фонд сохранит свою основную миссию - содействие оздоровлению национальной экономики через выкуп проблемных активов банков, взыскание задолженности по кредитам и комплексный подход к управлению активами. В настоящий момент Фонд работает в двух стратегических направлениях: оздоровление банковского сектора и вовлечение в экономический оборот выкупленных неработающих займов.

В рамках первого направления, Фонд в целях улучшения качества ссудного портфеля в банковской системе осуществил ряд крупных сделок.

В частности, в целях обеспечения стабильного функционирования финансовой системы страны Фонд в июле 2017 года осуществил выкуп активов БТА за покупную цену 2,6 трлн тенге. Данная сделка позволила сохранить рабочие места, депозиты населения, юридических лиц и государственных компаний, предотвратить снижение роста кредитования, поддержать обязательства по выплатам по еврооблигациям.

В августе 2018 года Фонд осуществил сделку по уступке Фонду прав требования к заемщикам Банка Астаны с целью погашения долга банка перед ТОО «Астана LRT» для дальнейшей реализации проекта «Новая транспортная система города Астаны. LRT».

Также, для оздоровления агропромышленного комплекса страны было подписано Рамочное соглашение между Правительством РК, Национальным Банком РК, КазАгро, Фондом, Цеснабанком и иными лицами. Реализация Рамочного соглашения осуществляется с целью оздоровления агропромышленного комплекса Республики Казахстан. 25 сентября 2018 года между Фондом и АО «Цеснабанк» подписан Договор





купли-продажи активов на сумму 450 млрд. тенге. Результатом данной сделки достигнуто обеспечение продовольственной безопасности сельскохозяйственной отрасли и сохранение рабочих мест.

В рамках второго направления, Фонд ведет активную работу по вовлечению активов в экономический оборот.

В целях улучшения качества выкупленных активов будут проводиться мероприятия по оздоровлению заемщиков и восстановлению их платежеспособности, а для увеличения рыночной стоимости приобретенных активов и земельных участков планируются совместные проекты с инвесторами и местными исполнительными органами.

На сегодняшний день проработаны Правила по управлению активами Фонда, регулирующие процессы управления и реализации активов Фонда, в рамках которых предусмотрена прозрачность в реализации имущества Фонда.

Основная часть объектов подготовлена для реализации на электронной торговой площадке Информационно-учетного центра, а также на сайте Фонда www.fpl.kz.



Все материалы брифинга можете получить автоматически:

КОМУ: sck.astana@g-global.org

ТЕМА: 10.40